# ҚР МСМ МК «Қазақ ұлттық хореография академиясы» ШЖҚ РМК

Шетелге, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу мақсатында студенттерді іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия отырысының

# ХАТТАМАСЫ

**Астана қ.** **«24» қараша 2022 ж.**

Комиссия төрағасы: Нусипжанова Б.Н.
Комиссия хатшысы: Омархан А.Е.

**Күн тәртібі**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығымен бекітілген шетелде, оның ішінде академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға жіберу ережелеріне сәйкес Қазақ ұлттық хореография академиясы (бұдан әрі – Академия) студенттерінің өтініштерін қарастыру.

**Тыңдалды:** Ректор Нусипжанова Б.Н., комиссия мүшелерін таныстырып өтті:

**Комиссия төрағасы:**
Нусипжанова Б.Н.

**Комиссия мүшелері:**
Сеитов Ахмет Магзумович – «Amanat» партиясы филиалының қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің меңгерушісі;
Альбекова Гульжан Мерекеевна – Астана қ. «Санат әлемі» Қоғамдық Қоры филиалының жоба-менеджері;
Толысбаева Жанна Женисовна – ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі директор;
Алишева Алила Турсумбаевна – тәрбие жұмысы және әлеуметтік даму жөніндегі директор;
Жұмағұл Ақмарал Нұрланқызы – халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің басшысы;

Абдрасилова Дана Садуакасовна – оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің басшысы;
Тургинбаева Айтолкын Несипбековна – хореография факультетінің деканы;
Досжан Райхан Казбековна – өнер факультетінің деканы;
Джумасеитова Гульнара Тазабековна – өнертану және арт-менеджмент кафедрасының меңгерушісі;
Кульбекова Айгуль Кенесовна – педагогика кафедрасының профессоры;
Мухамеджанова Айнагуль Тастемировна – ғылым, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және аккредиттеу бөлімінің басшысы;
Султанова Сагыныш Рамазановна – тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер бөлімінің басшысы;
Нурпеисова Женисгуль Бакижановна – оқу процесін ұйымдастыру және жоспарлау қызметінің маманы.

**Комиссия хатшысы:**
Омархан Акмарал Ерназкызы – халықаралық ынтымақтастық және қоғаммен байланыс бөлімінің бас маманы.

**Комиссияның 15 мүшесінің 13 мүшесі (оның ішінде 2 тәуелсіз сарапшы) қатысып отыр. Кворум бар. Комиссия отырысы құзыретті.**

Студенттер арасындағы бұл конкурс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы № 613 бұйрығымен бекітілген, шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларына сәйкес өткізіліп отыр.

Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

I кезең – Конкурс туралы хабарландырудағы тізімге сәйкес үміткерлердің құжаттарды тапсыруы. Студенттердің құжаттары комиссияның барлық мүшелеріне қарауға жіберілген.

II кезең – үміткерлермен әңгімелесу. Әңгімелесу нәтижелері бойынша үміткерлерді іріктеу жөніндегі комиссия ашық дауыс беру арқылы студенттерді академиялық ұтқырлық шеңберінде шетелде оқу үшін іріктейді. Конкурстық іріктеуден өткен студенттер 2022-2023 оқу жылының екінші семестрінде қолданыстағы Ынтымақтастық туралы келісім шеңберінде Латвия мәдениет академиясында және қолданыстағы ынтымақтастық туралы шарт шеңберінде Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетінде оқуға мүмкіндік алады.

**Қаржылық шарттар:**
Республикалық бюджет қаражаты есебінен өтінім беретін студенттер үшін:

ұшуға, тұруға, медициналық сақтандыруға, визаға байланысты шығыстар республикалық бюджет қаражаты есебінен жабылатын болады. Тамақтануға байланысты шығындарды студент өз бетінше жабады.

Өз қаражаты есебінен өтініш беретін студенттер үшін:

барлық шығындар өздері өтейді. Оқу орындары арасындағы келісімге сәйкес студент өзінің ЖОО-да оқу ақысын төлеуге дербес жауапты болады.

Байқаудың I кезеңіне қатысу үшін 5 өтінім берілді: 3 өнер факультетінен және 2 хореография факультетінен. Өтініштерді және оларға қоса берілетін құжаттарды қарау нәтижесінде барлық студенттер конкурстың II кезеңіне жіберілді:

1. Солтанбек Айжан – «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші курс студенті;
2. Имантай Гулнур – «Өнертану» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші курс студенті;
3. Серик Аида – «Өнертану» білім беру бағдарламасы бойынша үшінші курс студенті;
4. Смагулова Камилла – «Хореографиялық өнер педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша екінші курс студенті;
5. Бекмолдаева Жансая – «Хореографиялық өнер педагогикасы» білім беру бағдарламасы бойынша екінші курс студенті. *Бұл кандидат ақылы негізде оқуына байланысты, академиялық ұтқырлық бойынша оқуға өз қаражаты есебінен өтінім береді.*

**Шешім қабылданды:** конкурстық комиссия мүшелері әңгімелесу нәтижелері бойынша шешім қабылдады:

1. Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2022-2023 оқу жылының екінші семестріне Латвия мәдениет академиясында академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға Айжан Солтанбектің кандидатурасы бекітілсін.

2. Республикалық бюджет қаражаты есебінен 2022-2023 оқу жылының екінші семестріне Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетіне академиялық ұтқырлық шеңберінде оқуға Гулнур Имантайдың, Аида Сериктің, Камилла Смагулованың кандидатуралары бекітілсін.

3. Беларусь мемлекеттік мәдениет және өнер университетіне 2022-2023 оқу жылының екінші семестріне академиялық ұтқырлық шеңберінде өз қаражаты есебінен оқуға Жансая Бекмолдаеваның кандидатурасы бекітілсін.

**Дауыс бергендер:**

«Қолдаймын» - 15 дауыс.

«Қарсы» – 0 дауыс.

«Қалыс қалды» – 0 дауыс.